2024-2025 оқу жылының тәрбие жұмысының мазмұны

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі құндылықтары:

Мектептің тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылады

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы Қаңтар – заң және тәртіп айы

Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Күнделікті

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез- құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастырып дағдыландыру.
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау.

Апта сайын

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта оқушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – әр сынып сағатының соңында жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, оқушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу.

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – жұма күндері үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

Жоспарда ұсынылған әлеуметтік жобалар:

- «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
- «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты

қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету;
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту;
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Бастауыш мектеп түлегі:

мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
отбасының құндылығын түсіну;
тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
қоршаған ортаға қамқорлық жасау.
Құндылық: бірлік және ынтымақ
Құзыреттілік: тиімді коммуникация
Бастауыш мектеп түлегі:
командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.
Құндылық: әділдік және жауапкершілік
Құзыреттілік: қоғамға қызмет
Бастауыш мектеп түлегі:
шындықты айту;
достыққа адал болу;
жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.
Құндылық: заң және тәртіп
Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық
Бастауыш мектеп түлегі:
өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;
қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;
педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.
Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
Құзыреттілік: инновациялық ойлау
Бастауыш мектеп түлегі:
мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;

нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.
Құндылық:жасампаздық және жаңашылдық
Құзыреттілік:шығармашылық
Бастауыш мектеп түлегі:
Қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
жаңаидеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және оларды іс жүзінде қолдана алу;
инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
жаңа тәсілдермен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудағы негізгі нормативтік құжаттар:

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. ҚР 26.12.2011 ж. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі;
4. ҚР «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» 08.08.2002 ж. заңы;
5. ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» 04.12.2009 ж. № 214-IV заңы;
6. ҚР «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» 02.07.2018 ж. № 169-VI заңы;
7. ҚР 27.07.2007 ж. «Білім туралы» заңы;
8. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» 27.12.2019 ж. № 293-VI заңы:
9. ҚР Үкіметінің 27.12.2019 ж. № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
10. ҚР БҒМ 12.06.2020 ж. № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған
«Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы
11. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту Министірінің Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы 30.04.2023 жылғы №194 бұйрығы.

Қазақстан республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұны жаңартылып, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғымымен үндеседі.

Бағдарлама балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жаңашылдық, заң мен тәртіп құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдыңғы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрініп, әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтыды. Сынып сағаттары – тәрбие процесінің маңызды формаларының бірі, біздің мектепте бекітілген тақырыптар бойынша жүргізіледі. Барлық сынып сағаттары жылға алдын ала жоспарланып, дайындалған.

Мектебімізде 2024-2025 оқу жылында тәрбие құндылықтарына негізделген ай сайын іс-шаралар өткізіліп отырды.

Қыркүйек - «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы

1 қыркүйек «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында мектептің барлық ұжымының қатысуымен, 1-4 сынып оқушылары үшін салтанатты шара өткізілді. Салтанатты шараның мақсаты: жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін мерекелік атмосфера құру. 2 қыркүйекте «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында 1-4 сыныптарда бірыңғай сынып сағаттары өткізілді.

10 қыркүйек күні А.Байтұрсыновтың туған күніне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында ұйымдастырылған суресуреттер байқауы, тапқыр болсаң тауып көр «Crassword» сөзжұмбақтар байқауы оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Сайыс соңында жеңімпаздарға сыйлықтар табысталып, сайысқа қатысқан оқушылар өз ойларымен бөлісті.

Мектепте балалардың жол-көлік салдарынан жарақаттануының алдын алу бойынша ЖЖЕ оқытудың ұйымдастырылуы 2024-2025 оқу жылында сынып сағаттарына енгізілді. Қыркүйек айында 1-4 сынып оқушыларына «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» атты сынып сағаттарын өткізді. Сынып жетекшілер сынып сағат барысында көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды бейнефильмдер көрсетті.

18 қыркүйек күні «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» отбасына күніне орай 4 сынып жетекшілерінің ұйымдастырумен «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында сайыс өткізді. Мақсаты: Ата-аналар мен балаларды сайысқа қатыстыра отырып, олардың отбасылық тәрбие құндылықтарын кеңейту. Сайыста әрбір отбасы салт-дәстүрлер бойынша көріністер көрсетіп, мақал-мәтелдерді жатқа айтып, өз өнерлерін көрсетті. Сайыс қорытындысы бойынша Мұратбековтар отбасы жеңімпаз атанып, марапатталды.

Еңбек күніне арналған «Еңбек түбі береке»сынып сағаты өткізілді. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жылдық жоспарына сәйкес 25-26 қыркүйек күндері ата-аналар мен мектеп арасында жүйелі кері байланыс орнату мақсатында «Отбасы және мектеп» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Мектептің негізгі міндеттерінің бірі ата -аналармен байланысты күшейту, отбасымен қарым-қатынасты нығайту, ата-аналарды мектептің тәрбие жұмысына тарту.Ата-аналарға ең алдымен мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары сөз алып, жиналыстарда үштік одақтың «Ата-ана, Оқушы, Мұғалім» қағидаттарын айтып, бейнероликтер көрсетті. Ата-аналар жиналысының соңында сауалнамалар жүргізіліп, ата-аналардан кері байланыс алынды.

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттар – біздің асыл қазынамыз» атты іс-шара ұйымдастырылды. 3 сынып оқушыларының ата-әжелері қонақ етіп шақырылып, оқушылар өз өнерлерін, жүрек жарды құттықтау сөздерін айтты. Келген қонақтардың алғысын, батасын алды. Сонымен қатар мектеп әкімшілігі қарттарды мерекелерімен құттықтап, алғыс білдірді. «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып, сыныптар арасында суреттер байқауы өтті. Бейнероликтер арқылы оқушылар ата-әжелеріне мерекелік құттықтаулар жеткізді.

5 қазан Ұстаздар мерекесіне орай , ұстаздардың кәсіби мерекесін құттықтап мектеп ауласында мерекелік шара өткізілді. 3 сынып оқушыларымен «Даналық ұстаздан» челленджі ұйымдастырылып, «Ұстазым» әні орындалды.

16 қазан күні мектеп спорт зал кешенінде 2-4 сынып оқушылары арасында «Денсаулық фестивалі» өтті. Фестивалде оқушылар спорттық әндерге түрлі жаттығулар жасап, музыкалық флеш-моб биі ұйымдастырылды. «Бақытты бала-бақыт бастауы»ұранымен өткізілген денсаулық фестивалі аясында жақсы өнер көрсеткен жеңімпаз болған сынып оқушылары марапатталды.

«Буллингтен қалай қорғану керек!» тақырыбында мектеп психологы 4 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырып, түсіндірме жұмысын жүргізді. 17

қазан күні 2 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Мен қазақтың қызымын» тақырыбында «Қыз сыны байқауы - 2024» сайысы өтті. Сайысқа 2 сынып қыздары қатысты, ерекше өнерлерімен таң қалдырды, сайыста сынып жетекші мен ата-ана арасындағы байланыстың жақсы орын алғаны көзге түсті. Сайыс соңында 2 «в» сынып оқушысы А. Марат күз ханшайым атанып, қалған ару қыздарымыз номинация бойынша марапатталып, сыйлықтар табысталды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында мектеп кітапханасышы 4 «ә» сынып оқушыларымен әдеби кеш өткізді. Мақсаты: қазақ балалар әдебиетінің классигі Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Тәрбиенің бір бағыты – баланы еңбекке тәрбиелеу. 18 қазан күні мектеп ауласында «Алтын күз» жәрменкесі өтті. Жәрменкеде қаз қатар тізілген үстелдер, сатушы бецнесін сомдайтын оқушылар мен сынып жетекшілер қызу дайындық жүргізген. Жәрменкеде мектеп - ата-ана және оқушының бірлескен жұмысын көруге болады.

21 қазан күні «Республикам – мақтанышым!» Республика күніне арналған жалпы мектепішілік іс-шара жоспары түзіліп,сынып сағаттары өткізілді.

22 қазан күні 3 сынып жетекшісі Ж. Айтанованың ұйымдастыруымен 1-4 сыныптар арасында Республика күнін мерекелеу қарсаңында «Патриоттық әндер» байқауын өткізді. Байқауда оқушылар «Туған жер», «Елім», «Қазақстан Отаным», «Менің елім», «Көкжайлау» әндерін жанды дауыста орындады. Патриоттық әндерді орындауда асқан шеберліктерін танытқан сынып оқушылары жүлделі (I,II,III) орынмен марапатталды.

25 қазан Республика күніне арналған «Республика мақтанышым» атты челлендж ұйымдастырылып, мектептің әлеуметтік желісіне жарияланып, «Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» тақырыбында мектеп ауласында салтанатты шарасы өткізілді.

Күзгі қауіпсіздік ережелері сынып сағаттарында түсіндіріліп, ата-аналарды қауіпсіздік ережесімен таныстырды. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында каникул уақытдағы жоспар бекітіліп, күзгі демалыс уақытында орындалған «Күз көрінісі» бойынша суреттер , «Ертегілер еліне саяхат», «Менің болашақ мамандығым» бойынша тапсырмалар жинақталды.

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

11 қараша күні «Энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру» тақырыбында 1-4 сыныптар аралығында сынып сағаттар өткізіліп,түрлі қолданыстан бөлек қалдықтардан бұйымдар жасалды. 13 қараша «Біз буллингке қарсымыз» челленджі ұйымдастырылды.

Челленджге 2- 4 сынып оқушылары қатысты. 15 қараша Ұлттық валюта күніне орай оқушыларға тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен таныстыру,төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру мақсатында 1-4 сыныптарда сынып сағаттар өтті.

Желтоқсан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

6 желтоқсан күні мектеп кітапханашысы Д.Нұрханова 1«б»сынып оқушыларының қатысуымен *(«Балалар кітапханасы» жобасы)* аясында «Ертегілер еліне саяхат» атты іс шара өткізілді. Оқушыларды топқа бөліп түрлі тапсырмалармен ертегілер еліне саяхат жасады.

12 желтоқсан күні 4 «а» сынып оқушыларының қатысуымен 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі ұйымдастырылды. Челленджде Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әні шырқалды.

11 желтоқсан күні мектепішілік тәрбие жоспарына сәйкес Жас қыран ұйымының төрайымы Р.Азимова «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты іс шарасы өтті. Ашылуы патриоттық «Мен қазақпын» әнмен басталды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимні орындалып, Жас Қыран ұйымы қатарына 58 оқушы ант қабылдады.

12 желтоқсан күні 1-4 сыныптар аралығында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай өскелең жас ұрпақтың бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру мақсатында «Мен өз елімді мақтан тұтамын!» атты тақырыпта 1-4 сынып оқушылары арасында сынып сағаттар өткізілді.

«Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз!» атты ашық тәрбие сағатында мемлекеттік рәміздерге деген құрметін, Отанына деген сүйіспеншіліктерін көрсете білді.

24 желтоқсан күні 1 сынып оқушыларының әліппе оқулығымен қоштасу іс шарасы болды. Іс шараның өтілу орны безендіріліп, ата –аналар қонақ етіп шақырылды. «Рақмет саған, Әліппе!» іс шарасында 1 «а», 1 «ә», 1 «б» сынып оқушылары өз өнерлерін көрсетіп,келген қонақтар мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілеріне өз алғыстарын білдірді.

«Қош келдің, Жаңа жыл - 2025!» тақырыбында 1-4 сыныптарға арналған мерекелік бағдарлама 26 желтоқсан күні мектеп оқушыларына ұйымдастырылып, өз деңгейінде өткізілді. Іс-шараның жоғары деңгеде өтуіне мәдениет үйінен шақырылған қонақтардың «Екі аяз» ертегі желісі бойынша әр түрлі кейіпкерлерді сомдап, сонымен қатар, жасанды қар атысы ойынын ойнатып, би билетіп, «Тик-ток» билерін билетіп, суретке түсіп, көңілді өтті.

Мерекелік кеште балалардың түнде жүрмеуін қадағалау, сонымен қатар, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында қадағалаусыздық пен үйде жалғыз қалуды ескерту, қауіпсіздікті сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу мақсатында сынып жетекшілер ата-аналарға түсіндірме жұмыстар жүргізді.

Қаңтар – заң және тәртіп айы

Мектептің негізгі міндеттерінің бірі ата -аналармен байланысты күшейту, отбасымен қарым-қатынасты нығайту, ата-аналарды мектептің тәрбие жұмысына тарту мақсатында «Отбасы – тәрбие бастауы» тақырыбында барлық сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналар жиналысының соңында сауалнамалар жүргізіліп, ата-аналардан кері байланыс алынады. «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» дәйексөзімен «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 3-4 сынып оқушылары арасында «Мамандықтар әлемі» бейнеролик байқауы өтті.

Мақсаты: болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарды тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында 3-4 оқушылары арасында қыздар жиналыс өткізілді. Жиналыста қыздарға әдепті, ақыл-парасатты, сабырлы, салмақты, ұят намысты болуға үйретті. Білімділік - жас ұрпаққа адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажетті бағалы байлық екендігін түсіндіру мақсатында «Тазалық – денсаулық кепілі» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.Оқушылардың денсаулық туралы түсініктері кеңейіп, спорттық ойындар, жаттығулар және ақпараттық баяндамалар арқылы дене белсенділігіне қызығушылығы артты. Сабатан тыс уақытта түрлі интеллектуалды ойындар өткізілді.

«Тәртіп – тәрбие бастауы» дәйексөзімен «Қоғамдық мүлікті қорға!» тақырыбында барлық сыныптарда түсіндірме сабақтар жүргізілді. «Ұшқыр ой алаңы» жобасының балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында 4 сынып оқушыларымен «Интернеттің пайдасы мен зияны» тақырыбында дебат өтті. Мақсаты:
Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектеп кітапханашысы Д. Нұрханова «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясын ұйымдастырды. Акцияға барлық сынып оқушылары қатысты.

Наурыз – жасампаздық және жаңашылдық айы

28 ақпан күні 4 сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту» мектеп ұжымын құттықтап, іс шара өткізді.1-4 сыныптар аралығында «Алғыс – ізгі ниет» тақырыбы бойынша сынып сағаттар, тренд, бейнероликтер түсірілді. Мектептің спорт зал алаңында 4 сынып оқушылары «Ұстазым» әнімен «Ананың аялы алақаны» челлендж өткізді. «Ұстаз ана – ақыл – білім панасы» атты шара ұйымдастырылып, мектеп ұстаздарына көтеріңкі мерекелік көңіл күй сыйлады.

28.02-07.03 аралығында «Тәлімгерден талап – жас маманға қанат 2025» мектепішілік тәлімгерлер мен жас мамандар байқауы өткізілді. Байқау шартына сәйкес жас мамандар тәлімгерлерімен бірлесе отырып ашық тәрбие сағаттар өткізді. Атап айтар болсақ «Қазақстаным – жүрегім, Түркістаным –тірегім», «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік», «Ана-өмірдегі ұлы есім», «Аяулы менің анашым», «Салт-дәстүрім асыл қазынам».

Қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыру мақсатында «Ұлттық өнер – ұлт мұрасы» 12-15.03 наурыз күндері аралығында П. Мусакулованың ұйымдастырумен 1-4 сынып оқушылары арасында «Ұлттық мәдениет» қолөнер көрмесі жасалды. Көрмеге ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған қолдан жасалған бұйымдар шығарылды. Наурызнама тұжырымдамасы жоспарына сәйкес 20 наурыз күні мектеп алаңында «Қош келдің әз Наурыз» мерекеліс іс шарасы өткізілді. Іс шарада үйірме жетекшілерінің жұмыстары , ұлтық құндылықтар негізінде ұлтық ойындар асық ату, ләңгі, тоғызқұмалақ, арқан тартыс, жаяу тартыс, садақ ату, күрес, «Бесікке салу», «Тұсау кесер» салт-дәстүрлеріне сахналық көрініс көрсетті.

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата-ана мен бала арасындағы спорт мәдениетін кең тарату мақсатында дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Толағай» отбасылық сайыс ұйымдастырылды.Сайысқа 4 отбасы қатыстып, өз отбасын таныстырып, ұрандарын айтып, 8 кезең бойынша жарысқа түсті.

Қорытынды кезеңде белсенділік танытқан отбасыларды алғыс хаттармен марапаттап, сыйлықтар табысталды.

12 сәуір – ғарышкерлер күні. Осығын орай «Ғарышқа саяхат » тақырыбында 1-4 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. 24 сәуір күні ата-салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру мақсатында 3 сынып оқушыларымен «Жігіт сұлтаны -2025» сайысы өтті.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Көп еңбек еткенге, бақыт басын иеді» 16-18 сәуір күндері аралығында бастауыш мектеп бітіруші түлектері 4 сыныптар арасында «Ағаш егу» челленджі өткізілді. Челленджге 4 «а», «ә», «б» сынып оқушылары қатысып, мектеп ауласына көшет отырғызды.

30 сәуір күні 1 сынып жетекшілері Н.Тілләбек, А.Теміртай 1-4 сынып аралығында «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері мектепішілік байқауы өтті. Байқаудың мақсаты: оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамыту, сахналық мәдениетін қалыптастыру, жас таланттарды анықтау. Байқау ережесі түзіліп, жоспар бекітіліп, сахна безендіріліп, оқушылармен дайындық жұмыстары жүргізілді. Сайыс ережесіне сай балалар әндері жанды дауыста орындалды. Сайыс соңында берілген талаптарға сай орындаған оқушыларды анықтап, алғыс хаттармен марапаттады. «Әншуақ» байқауының жеңімпазы 1 а сынып оқушылары Ислам Димаш пен Абдразақ Аяла иеленді.

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы

1 мамыр бірлік күніне орай «Біз әртүрліміз, бір теңбіз», 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне орай «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» яғни, Отанға адал, еліне қайырымды, отбасына мейірімді болсын деп, оқушыларымызға қайраттылыққа, мақсаттылыққа, жігерлілікке, ерлікке тәрбиелеу мақсатында сынып сағаттары өтті. «Жеңіс гүлін терген күн» атты мерекелік шарада оқушылардың патриоттық сезімдерін ояту мақсатында әр-қилы мағұлматтар айтылып, батырларымыз жайында 4 сынып ұлдары, ер жүректі намысты қазақтың қайсар қыздары Мәншүк Маметова мен Әлия Молдағұлова жайында 4 сыныптың қыз балалары баяндады.

13-15 мамыр күндері аралығында «Жазғы демалыс-2025» жоспарлау, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру мақсатында жалпы 1-4 сыныптар арасында ата-аналар жиналысында сынып жетекшілер жазғы қауіпсіздік ережелерін сақтауды, балалардың қауіпсіздігі жайында баяндама оқып, тілхатпен таныстырды. 20-21 мамыр күні 4 сыныптардың «Бастауыш – білім бастауы» тақырыбында бастауышпен қоштасуы, 23 мамыр күні 2024-2025 оқу жылының аяқталуына байланысты 1-4 сыныптар аралығында «Білімім – Отаныма!» тақырыбында сынып сағаттары, «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиыны өтті.

.

«Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС –де 2024-2025 оқу жылында әлеуметтік жобалар бойынша өткізілген іс-шаралар кестесі

Жобалар	**Іс-шара тақырыптары**
Қамқор	«Қарттарым-асыл қазынам»
Еңбегі адал – жас өрен	«Алтын күз» жәрменкесі «Мамандықтар әлемі» бейнеролик байқауы «Ағаш егу» челленджі
Шабыт	«Даналық ұстаздан» челлендж «Республика мақтанышым» челлендж «Патриоттық әндер» байқауы «Денсаулық фестивалі» «Қыз сыны байқауы - 2024» сайысы «Жетістігімді еліме арнаймын» челлендж Ұлттық мәдениет» қолөнер көрмесі
Ұшқыр ой алаңы	«Интереттің пайдасы мен зияны» дебат
Smart bala	
Балалар кітапханасы	Б.Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл «Бір отбасы – бір кітап» әдеби кеш «Ертегілер еліне саяхат» «Шын жүректен кітап сыйла!» акциясы
Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы	- «Отбасылық дәстүрлер» сайысы - «Отбасы және мектеп» ата-аналар жиналысы - «Жақсы бала, ата-ана қуанышы» - «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» дөңгелек үстел
Алдын алу шаралары	- Жол қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі ережелері - Оқушының әлеуметтік желілердегі мінез-құлық мәдениеті. - «Буллингтен қалай қорғану керек!» - «Біз буллингке қарсымыз» челленджі - «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаты